

ҚР тұрақты даму тұжырымдамасы

ҚР Президентінің Жарлығымен Тұрақты даму тұжырымдамасы қабылданды. Осы Тұжырымдамаға сәйкес негізгі мақсат **елдің бәсекеге қабілеттілігін ұзақ мерзімде қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын арттыру** негізінде экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық аспектілердің балансына қол жеткізу. Қойылған мақсатқа сәйкес Тұрақты даму тұжырымдамасында төмендегідей міндеттерді шешу қойылған.

Тұрақты даму

Тұжырымдамасының міндеттері

1. Ресурстарды тиімді пайдалану көрсеткішін 2012 жылға қарай 37%-ға, 2018 жылға қарай 43%-ға және 2024 жылға қарай 53%-ға дейін арттыру
2. 1000 адамға шаққанда халық өмірінің орташа ұзақтығын 2012 жылға қарай 68 жасқа, 2018 жылға қарай 70 жасқа, 2024 жылға қарай 73 жасқа дейін ұлғайту
3. Экологиялық тұрақтылық индекcін 2012 жылға қарай 10 %-ға, 2018 жылға қарай 15 %-ға, 2024 жылға қарай 25 %-ға дейін өсіру
4. Ішкі және сыртқы саясаттың табыспен іске асырылуын қамтамасыз ету

Тұрақты дамуға өту төрт кезеңге бөлінеді: дайындық кезеңі, бірінші, екінші және үшінші кезең.

Дайындық кезеңі (2007- 2009 жылдар) – Тұрақты даму принциптерін қоғамдық және саяси іс әрекеттердің барлық салаларына ендіру, экономиканы әртараптандыру, технологиялық алға жылжуды жүзеге асыруға қажетті жағдайларды жасау.

Бірінші кезең (2010 - 2012 жылдар) – ҚР ның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруді қамтамасыз етуге негізделген.

Екінші кезең (2013 - 2018 жылдар) – өмір сүру сапасы деңгейі бойынша әлемдік дамудағы көшбасшылар арасындағы еліміздің жағдайын нығайту, табиғи ресурстарды орынсыз пайдалану салдарынан болатын шығындарды айтарлықтай қысқарту, елдің экологиялық тұрақтылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Үшінші кезең (2019 - 2024 жылдар) – тұрақты дамудың

Қазақстанның есептік экономикасында Тұрақты дамуға көшудің негізгі принциптері мыналар болып

табылады:

- Тұрақты даму үшін саяси негіз жасау;
 - ведомствоаралық ықпалдасу, мемлекетті басқаруға деген жүйелі көзқарас, дамудың негізгі көрсеткіштерін болжамдау, жоспарлау және реттеу тиімділігін арттыру;
 - ел экономикасына жоғары технологияларды белсенді енгізу нәтижесіндегі экономикалық прогресс, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;
 - ғылым мен білім берудің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
 - салауатты қоғам үлгісін енгізу негізінде халықтың денсаулық жағдайын, демографиялық жағдайды жақсарту;
 - қоғамның аса маңызды ноосфералық қызметі ретінде қоршаған ортаны қорғау қызметін жетілдіру;
 - трансөңірлік экожүйелік көзқарас негізіндегі аумақтық даму.
- Тұрақты дамуға көшудің басымдықтары мыналар:
- өндіріс пен тұтынудың тұрақты үлгілерін енгізу;
 - жаңа және экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану;
 - тұрақты көлік жүйелерін дамыту;
 - энергетикалық тиімділік және энергия жинақтау;
 - Тұрақты дамудың өңірлік мәселелері;

- халықтың әлеуметтік қауіпсіздігінің деңгейін арттыру;
 - экологиялық және гендерлік аспектілерді ескере отырып, кедейшілікке қарсы күрес;
 - Тұрақты даму үшін ғылым мен білім беруді одан әрі дамыту;
 - тарихи және мәдени мұраны сақтау;
 - халықтың денсаулығына төнетін экологиялық қауіп-қатердің алдын-алу және азайту;
 - шөлейттенуге қарсы күрес;
 - биологиялық әралуандықты сақтау;
 - эмиссияларды, оның ішінде қызған газдар мен озон қабатын бұзатын заттарды азайту;
 - сапалы ауыз суға қолжетімділік;
 - трансшекаралық экологиялық проблемаларды шешу;
 - радиациялық және биохимиялық қауіпсіздік.



- 2007-2024 жылға арналған Тұрақты даму тұжырымдамасында экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету жолдары мен бағыттары келесідей көрсетілген.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Экологиялық құқық не үшін қажет?
2. Қандай халықаралық келісім-шарт экологиялық құқықтың негізі болып табылады?
3. Құқықтық мемлекеттің айрықша белгілері қандай?
4. Экологиялық тәрбие және білім беру.
5. Қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму құқықтық принциптер жинағына

Қолданылған әдебиеттер

- 1. Ә.Т.Қанаев, З.Қ.Қанаева, Экология Оқу құралы, Алматы «Қазақ университеті» 2008
- 2. Ж.Ж.Жатқанбаев, Экология негіздері, Алматы, 2004
- 3. А.Т. Қуатбаев Жалпы экология: Оқулық / Алматы : Дәуір, 2012. - 376 б. - (МВА)
- 4. Ұ.Б.Асқарова, Экология және қоршаған ортаны қорғау, Алматы, 2007
- 5. Бозшатаева Г.С., Оспанова Г.А. Экология.- Алматы.- 2003.
- 6. Мұхажанова, Н. А. Жаһандық экология: оқу құралы. - Алматы : Экономика, 2011. - 172 б. - (Т. Рысқұлов ат. ҚазЭУ-дің осы заманғы оқу басылымдары)
- 7. Үпішев Е.М. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау : Оқулық /- Алматы : Экономика, 2006. - 480 б.
- 8. Экология және табиғатты тиімді пайдалану: Оқулық / Ә.С. Бейсенова және т.б.- Алматы: Ғылым, 2004.- 328 б.
- 9. Экология және тұрақты даму : Оқулық / ҚР Білім және Ғылым мин-гі бекіткен ; ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы :Дәуір, 2011. - 312 б.